

БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Жеңіл ақыл-ой кемістігі және мектептегі диагностикалық жұмыстар

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58332/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Баубекова Гульнур Жумабековна

Мақсаты: Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалармен диагностикалық жұмыстар жүргізе отырып, есте сақтауын, ойлау қабілетін, зейіндерін арттыру мақсатында жұмыстану.

Түрі: Мұғалімдерге кеңес

Жеңіл ақыл -ой кемістігі бар балаларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ- кіші мектеп жасындағы балалар жатады, оларға ең алдымен өз -өзіне қызмет көрсету мен мектептегі бейімделу, өзіне бағытталған тілді түсінуге, қарапайым нұсқауларды түсінуге, мінез-құлық ережесін сақтауға үйретуге бағытталған түзету -дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Екінші топ- орта мектеп жасындағы балалар, оларға ең алдымен топта дербестікке бейімделуге, ауызша сөйлеу тілін, таным әрекеттерін, қарым қатынас ерекшеліктерін дамытуға, қорқыныштарды жеңе білуге үйретуге бағытталған түзету-дамыту жүргізіледі.

Үшінші топ- жоғары мектеп оқушыларымен кәсіптік бағдар беру, эмоционалдық -еріктік саласын қалыптастыру, әлеуметтік ортадағы мінез -құлқын реттеуге арналған мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

1. Бірінші топқа жататын 7-10 жасқа дейінгі кіші мектеп жасындағы балаға арналған диагностика:

Түсті қабылдауды зерттеу.

Мақсаты: негізгі түстер туралы білімін анықтау.

Көрнекілігі: түрлі -түсті гүлдер мен көбелектер суреті

Нұсқаулық: көбелектерді сәйкес түсті гүлдердің үстіне қой.

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

1. Орташа деңгейі 4-5 ұпай барлық түсті атай алды және сәйкес түсті тапты, қызығушылықпен жұмыс істеді;
2. Ортадан төмен деңгей -3-2 ұпай, жай жұмыстанады, сәйкес түсті табады, барлық түсті атай алмады;
3. Төмен деңгей- 1-0 ұпай, қызығушылық танытпайды, сәйкес түсті табады, барлық түсті атай алмайды.

2. **Екінші топ 11-14 жас аралығындағы орта мектеп жасындағы балаларға арналған диагностика:**

Зейін

«Айырмашылықты тап» әдістемесі.

Мақсаты: зейін тұрақтылығы мен шоғырлануын және бақылағыштықты анықтау

Құрал-жабдықтар: суреттер

Нұсқау: Оқушыларға 10 айырмашылығы бар суреттер беріледі, бала табуы тиіс.

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

1. Орташа деңгейі -6-7 айрмашылығын таба алады -5 ұпай
2. Төмен орта- 5-4 айырмашылығын таба алды- 4 ұпай.
3. Төмен деңгейі-1-2 айырмашылық -2 ұпай
4. **Үшінші топ 15-тен 17 жасқа дейінгі жоғары мектеп жасындағы балаларға арналған диагностика:**

Ойлау

«Логикалық ойлауды дамыту» әдістемесі.

Мақсаты: Логикалық ойлау жылдамдығын анықтау

Құрал -жабдықтар: карточкалар, сандар.

Нұсқау: Мұғалім тапсырманы оқиды және оны орындауын сұрайды.

Мысал тапсырма: 3,5,8,17 сандарының алдында тұрған сандарды ата.

2 және 4,5 және 7 сандарының арасында тұрған сандарды ата.

5-тен 9,10 және 3-ке дейін, 17-ден 20 дейінгі сандарды ата.

5(12,16) сандарынан 1 еуі аз санды ата.

18 саны 14 санынан қаншалықты көп? 16 саны 19 санынан қаншалықты аз? 13 санынан 5 еуі көп қандай сан? 8 ден 5 еуі қандай сан?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.